

ӘОЖ 811.512.161 (076.3)

Абдрахманова Айтбала Ергалиевна

филология ғылымдарының кандидаты,

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

e-mail: aitbala65@mail.ru

«АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Ұлттың рухани болмысы табиғатпен тікелей байланысты. Бұл ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі саналады. Табиғат – жазық та кең дала, бұл дала – қазақтың атамекені. Сондықтан ғылыми мақалада жазушы Сәкен Жүнісовтің прозалық шығармалары негізінде «Атамекен» концептісі түзіледі. «Атамекен» концептісіне қатысты қаламгер қолданысындағы теңеу, метафора сияқты көріктеу құралдары, сондай-ақ тура мағынадағы тірек сөздер мен оның синонимдері (жүйелі, окказионалды, индивидуалды-авторлық) жинақталып, тілдік талдауға түседі. Бұл концептінің аталымдық өрісін беру үшін жазушының қолданған сөз тіркестері топтастырылады. Қазақ тіл білімін когнитивтік лингвистикамен байланыстыра зерттеп жүрген тілтанушы ғалымдар мен білім алушылар үшін мақалада көтерілген тіл мәселелері өзекті болып табылады.

Түйін сөздер: концепт, діл, дала, ұлттық мінез, теңеу, метафора, туған жер.

Духовное бытие нации напрямую связано с природой. Это один из основных факторов, влияющих на формирование нации. Природа – просторная степь, это степь – родина казахов. Поэтому в этой научной статье на основе прозаических произведений писателя Сакена Жунусова образуется концепт «Родина». По отношению к концепту «Родина» подтверждаются языковому анализу такие как сравнение, метафора в употреблении писателя, а также опорные слова прямого смысла и его синонимы (системные, окказиональные, индивидуально-авторские). Для передачи именно этого концепта классифицируются словосочетания, использованные писателем. Для ученых-языковедов и обучающихся, изучающих казахский язык в связи с когнитивной лингвистикой, актуальными являются проблемы языка, поднятые в статье.

Ключевые слова: концепт, менталитет, степь, национальный характер, сравнение, метафора, родная земля.

The spiritual existence of the nation is directly connected with nature. This is one of the main factors influencing the formation of the nation. Nature is a plain and wide steppe, this steppe is the Kazakh hill. Therefore in this scientific article on the basis of prose works of the writer Saken Zhunusov the concept «Ancestral land» is formed. In relation to the concept «Ancestral land», there is a collection of visual aids such as equations, metaphors, as well as solid words and their synonyms (systemic, occasional, individual-authored) and language analysis. The phrases used by the writer to give the nominal field of this concept are grouped. The language issues raised in the article for journalists and scholars who are studying Kazakh linguistics in relation to cognitive linguistics are important.

Keywords: concept, mentality, steppe, national character, comparison, metaphor, native land.

Ұлттың ұлғ болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ұлттың рухани болмысының табиғатпен тікелей байланысы. Осы тұрғыда қазақ халқының Отанды, туған жерді, кеңістік пен еркіндікті бейнелейтін сөзі – дала. Дала – атамекен, туған жер, атақоныс, жұрт, ел. Атамекен – ежелгі қоныс, байырғы тұрақ, ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған, туып-өскен жері, ата жұрты. Жазушы С. Жүнісовтің прозалық шығармаларындағы «Атамекен» концептісі өзіндік ұлттық ерекшелікке ие, өйткені оның көп өлшемді көлемінде объективті дүниенің маңызды бір категориясы – әлем туралы ұлттық менталды түсінік орын алған.

Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер объектінің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Әлем

бейнесінің вербалды сипатын ашуда осы «концепт» ұғымының маңызы ерекше. Осы ұғым туралы М.В. Пименова: «Концепт түрлі тілдік белгілермен беріледі, әртүрлі авторлар бір концепті мен оның белгілерін түрліше тілдік қатынас құралдары арқылы береді», – дейді [1, 20 б.].

Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілерімен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет.

Концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді өзара ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайды деген когнитологтер белгілеген концептіні анықтаудың жолдары мынадай ретте жүргізіледі деген тұжырым жасайды. Бұл білім санада сақталып, субъектінің тәжірибесі ретінде оның концептуалдық жүйесінің құрылымдық элементтеріне айналады. Екі не одан да көп

әртүрлі объектілердің (бейне, дүние) әрқайсысы бір элемент ретінде категорияның құрамына ене алады. Осы белгі төңірегіне жинақталған дүниелер бір класқа ене алады. Әрбір класс топтаса келіп, категорияны құрайды немесе маңызды концептілер кодталады.

Қаламгер С. Жүнісовтің көркем туындыларындағы «Атамекен» концептісінің аталымдық өрісін құруда З.Д. Попова мен И.А. Стерниннің [2] пікірлеріне сүйеніп, екі бағытты ұстандық:

1) Аталымдық өріс өзегін құрайтын концептінің тура мағынасын білдіретін – кілт сөз бен оның синонимдерін (жүйелі, окказионалды, индивидуалды-авторлық) жинақтауға болады. Мысалы, «Атамекен» концептісінің аталымдық өріс өзегі мынадай бірліктерден тұрады: дала, жазық жер, кеңістік, табиғат, аула, мал жайылымы.

2) Тура мағынасымен шектеліп қоймай, концептінің денотат түрлері атауларын қоса отырып жер-ана, туған жер, атамекен, ата қоныс, алтын бесік, жусан иісі, жер иісі, ыстық топырақ, арқаның желі, қасиетті топырақ, өзін құндақтап, тербеткен алтын бесік, тусырап жатқан жер, әртүрлі жағдайларда оны талқылау үстінде пайда болған белгілерін – сүйікті, алыс кетсе, сағыну, қорғау, ескі жұрт – айқындауға болады.

Ұлттың ұлп болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – табиғат. С. Жүнісовтен басқа да қазақ ақын-жазушылары шығармаларында қазақ ұлтының мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттерін қазақ елінің табиғатымен тығыз байланыстырады. Мысалға алатын болсақ, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесінен келтіріп отырған мына үзінді осыған дәлел бола алады: «Далада өскен қазақ қызына жылдың төрт мезгілі ғана емес, әр күннің өзінде әлденеше мезгіл бар. Бір жұмадай атқа мініп далаға шықпаған қыз даласын сағынып қалыпты. ...Дала қызы табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? Кең дала..., көк дала..., сары дала..., сағым» [3, 56 б.].

Жазушы осы бірнеше сөйлемнің аясына қазақ даласының кеңдігі, табиғатының байлығы адам мінезінің жақсы қасиеттерін қалыптастыратынын сыйғызған. Мысалы: «Дикада мына тусырап жатқан дала қасиеті бар екен. Қазақтың кең сахарасындай мінезі кең, жерін жыртып, кейін қазбасаң біле бермейтін, бар алтынын ішке сақтайтың, ғажайып бай жердей, мақтаншақтығы жоқ тұйық, самал

желіндей, баяу тербелген көліндей жуас, бұлтсыз мөлдіреген кіршіксіз аспанындай жүрегі таза, ақ көңіл. Қазақ даласын келіп көрмей, сырттай еститіндер оның осы байлығын біле бермейді. Не орманы, тауы жоқ бұл жер оларға ұшы-қиырсыз жатқан қу мекиен мидай дала боп көрінеді» [4, 230 б.]. Оның шығармаларының өн бойынан автордың кейіпкер бейнесін табиғатпен байланыстыра беру тәсілін байқаймыз. Шығарма кейіпкерлерінің жан дүниесі табиғат көріністерімен үйлесім тауып отырады. Мысалы: Тау ішіне іңір қараңғылығы түсіп, тым-тырыс ымырт орнады. Жаңа ғана жаңғырыққан Атымтайдың үнін қараңғы түн біржола жұтып қойғандай, айнала жым-жырт тына қалды. Бағана жадырап жайқалған табиғат көркі бірден көзден ғайып болып, бәр-бәрін бір-ақ көрпемен жаба салған секілді. Атымтай мен Балзия екеуінің арасы да осылай тез суып, екеуінің болашақ тағдырларын да лезде түн басып, қара түнек орнайтынын тап сол күні ешқайсысы білмеп еді [4, 324 б.].

Құлагер жайлы суық хабардың ауыздан-ауызға таралып жатқан кездегі күн райын жазушы табиғаттың тосын мінезімен байланыстырады:

Көкпарға тартқан қара текенің жүніндей сабалақ бұлт Ереймен аспанын қалың бүркеп, жаумай, сіресіп тұр. Айы-күні жеткен буаз биелердей қарны салбыраған бұлттар асқа тіккен үш жүз үйдің үстінен басып, төніп алған. Аспан мен жердің арасы құрық бойындай ғана. Тынысы тарылып тұр [4, 359 б.].

Дала қапырық тартып, алыстан дымқыл жауын иісі білінді. Қас қарайып, көз байлана бере бес жүз аттың тұяғы қазып кеткен борпылдақ жерге ақынның көз жасындай жылы тамшылар көктен секіріп, топ-топ түсе бастады [4, 344 б.].

Қазақ халқы дегенде көз алдымызға сайын сахара, жүйрік ат, кең дастарқан елестейді. Кеңістіктің ішкі мазмұнын түсініп тану үшін «атамекен», «дала», «ата қоныс», «жұрт» ұғымдарын қазақтың кең даласы – атамекені тіршіліктің символы деп түсінсек болады.

Бұл ой турасында академик Р. Сыздық «Сөз құдыреті» еңбегінде: «Дала сөзі қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», – дейді [5, 190 б.].

Жазушы шығармасынан келтірілген мына сөз тіркестері дала концептісінің аталымдық өрісін құрай алады: ...қалың төмпешіктер үнсіз, тілсіз.

Маңайдағы жусан иісі, баланың еңбегіндей былқылдаған жер иісі... туған жердің топырағын ыстық табанымен басып, жүгірер ме еді [4, 6 б.].

Жазушының шығармаларындағы «Атамекен» концептісінің аталымдық өрісін толықтай бейнелеуде афоризм, фразеологизмдердің алатын орны ерекше деуге болады. Мысалы, Кімнің жерін жерлесен, соның суын сула [4, 294 б.].

Аталымдық өріс өзегі кілт сөздің синонимдік қатарының ұлғаюымен (синонимдер және фразеологиялық сөздіктер пайдаланылады); зерттеуге түскен концептіні контекстік талдау арқылы анықталады.

Сонымен, Сәкен Жүнісовтің көркем шығармаларындағы «Атамекен» сөзінің концептілік мағыналарын былайша беруге болады:

1. Атамекен – туған жер.
2. Атамекен – тәрбиеші.
3. Атамекен – Ана.
4. Атамекен – сұлулық пен көркемдік әлемі.
5. Атамекен – еркіндік, тәуелсіздік.
6. Атамекен – кендік, дархандық.
7. Атамекен – қарапайымдылық.

С. Жүнісовтің прозалық туындаларындағы «Атамекен» концептісіне қатысты көріктеу құралдарының ішінде теңеу мен метафоралардың атқаратын қызметі ерекше. Әсіресе, олардың концептіні стильдік тұрғыдан көрсетуде көркемдеу тәсілдерінің басқа түрлерінде қайталанбайтын өзіндік ерекшелігі, бейнелілік сипаты мол.

Қорыта келгенде, «Атамекен» концептісінің аталымдық өрісін беру үшін автордың қолданған сөз тіркестерін былайша топтастырдық:

1) «Атамекен» концептісінің тура мағынасын білдіретін тірек сөздер мен оның синонимдері:

а) жалпақ өңір; иен дала; ен дала; жалпақ жатқан қазақ даласы; мидай ен дала; жапан түз; аумақ; ақ жаулығын шешіп тастаған жал-жал қыраттар; кеудесін керіп, көсіле жатқан көптің мекені (кеңістік); ә) қарлы бұлт бүркенген зеңгір аспан; жалпақ өңірдің ақ көрпесі; қарлы жыландар; ұйтқыған есірік боран; соқа тілі тимеген, тусырап жатқан құйқалы тың жер; жайқалған астық; жусанды, кәрі төмпешіктер; түтеген ақшандақ боран; ақ десең түкірік жерге түспейтін бет жалаған қызыл шұнақ сары аяз (табиғат).

2) «Атамекен» концептісінің денотат түрлерінің атаулары: а) жусан иісі; баланың еңбегіндей былқылдаған жер иісі; ыстық топырақ; арқаның желі; қасиетті топырақ; өзін құндақтап, тербеткен алтын бесік; мидай ен далада шашыла қонған ауыл; қазақ сахарасы (туған жер); ә) ескі жұрт; иесіз меңіреу жұрт; жапан түздегі жалғыз үй; атам заманғы темір сағаттың тілі; ескі көз; тақия төбенің басындағы мола; қара шаңырақ; қыстау; жеті атасынан бері иелігіндегі жер; жалғыз ағаш; «Малжан ағашының» бауырындағы жалғыз үй (ата қоныс).

«Атамекен» сөзінің концептілік мағыналарынан қазақ халқының дала сырына жетік екенін, оның дүниетанымын, келбетін танимыз.

Атамекен – қазақ дүниетанымында көшпелі қазақ халқының алтын бесігі, қазақты тәрбиелеген кең байтақ жазық өңір, мезгіл, кеңістік, өзгеріс, қозғалыс. Атамекенді дала деп қабылдағандықтан, қазақ халқының бойынан, қанынан даладай дарқандықты, алаңсыз өмірді, кең дүниені байқау қиын емес. Дала төсінде еркін өскен қазақ халқы үшін тәуелсіздіктің, шексіздіктің, молшылықтың орны бір басқа.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 23 б.
2. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивно-семантический анализ языка. Монография. – Воронеж: Истоки, 2006. – С. 226.
3. Мүсірепов Ф. Ұлпан. – Алматы: Жазушы, 1975. – 320 б.
4. Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар: Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1981. – 472 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

Абдрахманова Айтбала Ергалиевна

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Пошталық мекенжайы: 0100006, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа даңғылы 38

Ұялы тел.: +77013204643

«Атамекен» концептісінің тілдік көрінісі

Абдрахманова Айтбала Ергалиевна

Должность: кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахского и русского языков, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Нур-Султан

Почтовый адрес: 0100006, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, проспект Сарыарка 38

Сот. тел: +77013204643

Языковая картина концепции «Родина»

Abdrakhmanova Aitbala Yergaliyevna

Position: Candidate of Philology Sciences, senior lecturer of the Department of Kazakh and Russian languages, Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin, Nur-Sultan city

Mailing address: 0100006, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan city, Saryarka Avenue 38

Mob.phone: +77013204643

Language vision of the concept of «Ancestral land»